**Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда № 20774 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10 -бабының 1)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бекітілсін:

1) "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғаларға аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидасы осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Әділет министрінің міндетін атқарушы* *Н. Пан*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің м.а.

2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 61 бұйрығына
1-қосымша

# "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірледі және "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібін анықтайды.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

2. Адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткен Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамның (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық әділет органдары жанында құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияға (бұдан әрі-Комиссия) www.egov.kz, www.elicense.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі-Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әділет департаменттері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметтерді беруші) көрсетеді.

4. Тізбеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін

, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және наркологта және психиатрда диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе портал арқылы жіберіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда дәлелді бас тартуды дайындайды.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10270 болып тіркелген) бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді және Комиссияның карауына береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Құжаттарды комиссияның қарауына берген күннен бастап көрсетілетін қызметті алушының аттестаттауға жіберу туралы құжаттарын комиссия күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қаралады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам өтініш берген кезде аттестаттау өткізілетін орнын және тілін (қазақ немесе орыс) айқындайды.

Егер, көрсетілетін қызметті алушы "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 32-бабының талаптарына сәйкес келмесе, аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша комиссия үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жібереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аттестаттауға жіберілген көрсетілетін қызметті алушыны көрсетілетін қызметті беруші аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы ұялы телефонға смс-хабарлама беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" оны өткізгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабарлайды.

Аттестаттаудан өткізу мерзімін өтініш пен аттестаттаудан өту күні негізінде ұсынылған құжаттарды есепке ала отырып, "Е-лицензиялау" ақпараттық жүйесінің мемлекеттік деректер базасы автоматты түрде анықтайды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда көзделген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.

10. Комиссияның жұмыс органы аумақтық әділет органы болып табылады.

Комиссия жеті мүшеден, оның ішінде кандидатураларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың адвокаттар алқалары мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) айқындайтын үш адвокаттан, әділет органдарының екі өкілінен, құқықтанушы ғалымнан және мәслихат депутатынан тұрады.

Құқықтанушы ғалымның кандидатурасын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындары ұсынады.

Мәслихат депутатының кандидатурасын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихаттары ұсынады.

Комиссия мүшелерінің бірі оның құрамынан шыққан жағдайда, ол шыққан күнінен бастап жаңа мүшесі бір айдан кешіктірілмей құрамға енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға Комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссия қызметін ұйымдастыру үшін көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлер арасынан Комиссия хатшысын тағайындайды.

Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және отырыс хаттамаларын ресімдейді. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Комиссия құрамы Заңның 39-бабының 1-тармағына сәйкес бекітіледі.

11. Заңның 39-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

12. Аттестаттауға жіберілген үміткерлердің тізімі оны өткізгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында орналастырылады.

Комиссия отырысына келген кезде үміткердің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) цифрлық жеке куәлігі болуы қажет.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға психологиялық дайындығын кешенді компьютерлік тестілеу;

2) қажетті көздерді пайдалана отырып, істің мән-жайларын талдау бойынша практикалық тапсырма кезеңдерінен тұрады.

14. Тестілеуге енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті бекітеді. Үміткерлер үшін Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын білуге арналған сұрақтар (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі және "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы) біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде үш нұсқасын қамтуы тиіс.

Біріздендірілген заңдық тест тапсырмаларынан тұратын кешенді компьютерлік тестілеу компьютерлік техника пайдаланыла отырып жүргізіледі.

Біріздендірілген заңдық тест тапсырмаларын қалыптастыруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, конкурстық негізде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Комиссияның отырыстарында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында аудио- және (немесе) бейнежазба не тиісті сападағы стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, аудио- және (немесе) бейнежазбалар отырыс хаттамасына қоса тігіледі және Комиссияның материалдарымен бірге сақталады.

Аттестаттаудан өту кезінде үміткерге анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ электрондық жеткіште қандай да бір жазбаларды пайдалануға жол берілмейді.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, комиссия үміткерді ағымдағы аттестаттаудан шеттетеді.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер, осы Қағидалардың 6 және 9-тармақтарында көзделген тәртіппен шешім шығарылған күннен бастап үш ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

16. Комиссия отырысында еркін нысандағы хаттама (бұдан әрі - хаттама) жүргізіледі, онда отырысты өткізу күні, уақыты және орны, аттестатталушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі мен мазмұны, аттестатталушының жауаптары, комиссия мүшелері қойған баллдар және емтихан билетінің сұрақтары бойынша жалпы орташа балл, сондай-ақ Комиссияның шешімі көрсетіледі.

Хаттамаға аттестаттау өткізуге қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

17. Психологиялық тест орындауға жіберілген жалпы уақыт - 20 (жиырма) минут, заңнаманы білуге арналған тест - 90 (тоқсан) минут (100 сұрақ).

Үміткерлер Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне тест тапсырғанға дейін психологиялық тестілеуден өтеді.

18. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басып шығарылады және аяқталғаннан кейін бірден жеке қол қою арқылы үміткерге танысу үшін ұсынылады.

Тест өтуге белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін, бағдарламма автоматты түрде жабылады және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне тестілеуге өтеді.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

19. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 ( жетпіс) және одан артығын құраса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

20. Екінші кезеңде көрсетілетін қызметті алушыға практикалық тапсырмаға дайындалу үшін 10 (он) минут беріледі. Үміткердің практикалық тапсырмаға жауаптарының дұрыстығын комиссия мүшелері бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Комиссияның әрбір мүшесі аттестаттаудан өтушінің жауаптарын басқалардан тәуелсіз әр жауап бойынша бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Екінші кезеңнің қорытындылары бойынша төрағалық етуші Комиссия мүшелері қойған нәтижелерді есептейді және жалпы орташа балл шығарады. Орташа балл үміткердің жинаған балдарының жалпы санын қатысып отырған Комиссия мүшелерінің санына бөлу жолымен анықталады. Үміткердің қорытынды балы 3,3 есептеу кезінде 3,3 ретінде бағаланады, 4,2 есептеу кезінде 4,2 бағаланады және бұдан әрі осылайша.

Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ практикалық тапсырма бойынша аттестатталушы жинаған жалпы орташа балл хаттамада көрсетіледі.

Егер жалпы орташа балл төрт және одан жоғары балл болса, үміткер аттестаттаудан өтті деп есептеледі.

21. Аттестаттаудың екінші кезеңі үшін практикалық тапсырманың мазмұнын Республикалық адвокаттар алқасы өзі дербес қалыптастырады.

Республикалық адвокаттар алқасының өкілдері практикалық тапсырмалардың нұсқаларын үміткерлер санынан асып түсетін санда ұсынады. Практикалық тапсырманың сұрақтары құпия ақпарат болып табылады және жария етілуге және таратылуға жатпайды.

22. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы дәлелді шешім не 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттамау туралы шешім мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі болып табылады.

Комиссияның аттестаттау не аттестаттамау туралы шешімі аттестаттау өткізілген күні шығарылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлфлық қолтаңбасымен куәландырылады және электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Комиссияның аттестаттаудан өту туралы шешімі Заңның 40-бабының 10-тармағына сәйкес ол шығарылған күннен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Дәлелді себеппен аттестаттауға келмеген көрсетілетін қызметті алушы ( денсаулық жағдайы бойынша, іссапарда болу себебі бойынша, еңсерілмейтін күш салдарынан қатысудың мүмкін еместігі, құжатпен расталған өзге де жағдайлар туралы растайтын құжаттарды ұсынған кезде) Комиссияның келесі отырысына осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген тәртіппен шақырылады.

Үміткер қайта келмеген немесе дәлелсіз себептермен аттестаттауға келмеген жағдайда, оның өтініші қараусыз қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

26. Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына www.adilet.gov.kz.

Шағымдар пошта бойынша жазбаша нысанда, "электрондық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қарауға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші оны жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әділет департаменттері (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz; www.elicense.kz (бұдан әрі - портал) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | лицензияны беру кезінде - 15 (он бес) күнтізбелік күн<br>лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 20 (жиырма) минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін |
| | | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20774 болып |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | тіркелген) Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларының 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы шешім не аттестаттамау туралы шешім |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш;<br>2) осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге арналған деректер нысаны. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www.adilet.gov.kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

"Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымша

Нысан

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның төрағасына

___________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Аттестаттауға жіберу туралы өтініш**

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге мені жіберулеріңізді сұраймын.

Осымен: анық деректер бергенім; көрсетілген барлық деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға аттестаттаудан өтуге рұқсат беру немесе бас тарту туралы кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін; сот өтініш берушіге лицензияланатын қызмет түрімен және / немесе кіші қызмет түрімен айналысуға тыйым салмаған; қоса берілген барлық құжаттар дұрыс және жарамды екені; өтініш беруші лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде сақталатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділіктің шектеулі жеке деректерін пайдалануға келісетіні расталады.

Жеке тұлға ________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

күні:_______

"Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 2-қосымша

Нысан

**Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге арналған деректер нысаны**

_________________________________________________________________

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) жеке сәйкестендіру нөмірі)

I. Дипломы туралы деректер:

1. Жоғары оқу орнының атауы ________________________________________________

2. Мамандық коды _________________________________________________________

3. Диплом нөмірі __________________________________________________________

4. Дипломды беру күні _____________________________________________________

5. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дипломның немесе нострификациялаудың немесе тану рәсімінің өтуін растайтын құжаттың берілген күні:

1. Сериясы және нөмірі ______________________________________________________

2. Негіздемесі: күні және нөмірі ________________________________________________

3. Тіркеу нөмірі және күні_____________________________________________________

II. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні ______________________

2. Адвокаттар алқасы __________________________________________ облыстар/қалалар

3. Тағылымдама басшысы______________________________________________________

4. Тағылымдама жетекшісінің адвокаттық қызмет өтілі ____________________________

5. Тағылымдаманың басталу күні________________________________________________

6. Тағылымдаманың аяқталған күні______________________________________________

Жеке тұлға _________________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

күні:____

"Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Аттестаттау туралы шешім**

_______________ қаласы 20__ ж. "___"___________

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау қорытындылары бойынша _______________________________________________________ жинады:

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

тестілеу бойынша ______________________ балл

практикалықтапсырма бойынша __________ балл

Келесі құрамдағы комиссия:

Төраға

Мүшелері

Шешім қабылдады:

Аттестаттау ____________________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

"Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 3-қосымша

Нысан

**Аттестаттамау туралы шешім**

_______________ қаласы 20____ ж. "____"___________

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау қорытындылары бойынша _______________________________________________________ жинады:

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

тестілеу бойынша ______________________ балл

практикалық тапсырма бойынша __________ балл

Келесі құрамдағы комиссия:

Төраға

Мүшелері

Шешім қабылдады:

Аттестаттамау _________________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің м.а.
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 61 бұйрыққа
2-қосымша

## "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрселетін қызметтің қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен әзірленді және "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібін анықтайды.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) лицензияны алуға немесе қайта ресімдеуге www.adilet.gov.kz www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тізбеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін , мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және наркологта және психиатрда диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі лицензияны алуға құжаттар келіп түскен күні оларды тіркейді және жауапты орындаушыға орындауға береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде негіздеме мен себептерін көрсете отырып, өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

7. Лицензияны алуға ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 11 (он бір) күнтізбелік күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10270 болып тіркелген) сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде мемлекеттік қызмет 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберілген көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап немесе қайта рәсімдеу болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында " Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3 қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат ауыстырылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасынан алады.

Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтер болмаған жағдайда электрондық өтінішті қалыптастыру процесі аяқталады.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін "электрондық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз жұмыс күнінде 20 (жиырма) минут ішінде толық автоматты түрде өңдейді және қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасымен

куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына www.adilet.gov.kz.

Шағымдар пошта бойынша жазбаша нысанда, "электрондық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес карауға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші оны жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2021 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Адвокаттық қызметпен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызметтің қағидаларына<br>1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www.egov.kz, www.elicense.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | лицензия беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 20 (жиырма) минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналасу құқығы үшін лицензиялық алым "Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабына сәйкес мыналарды құрайды:<br>1) лицензия беру кезінде 6 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алу үшін:<br>1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші;<br>2) осы Тізбенің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес адвокаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны;<br>3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны қайта ресімдеу үшін:<br>1) "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3-қосымша сәйкес нысандағы өтініш;<br>2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынады |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсететін мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында:- www.adilet.gov.kz, порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай контакт-орталығынан алу мүмкіндігі бар<br>Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

"Адвокаттық қызметпен
айналысуға лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі талаптардың
тізбесіне 1-қосымша

Нысан

## Жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші

_______________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

____________________________________________________ жүзеге асыру үшін

(қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін)

лицензия беруіңізді сұраймын.

Байланыс деректері______________________________________________________

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді; өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға ____________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Адвокаттық қызметпен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік қызмет көрсетуге<br>қойылатын негізгі талаптардың<br>тізбесіне 2-қосымша<br>Нысан

**Адвокаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны**

_______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

барлық адамдар толтырады

I. Диплом туралы мәліметтер

1. Жоғары оқу орнының атауы ____________________________________________

2. Мамандық атауы ______________________________________________________

3. Мамандық шифры ______________________________________________________

_

4. Диплом нөмірі __________________________________________________________

5. Дипломның берілген күні ________________________________________________

_

6. Дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің берілген күні _____________

7. Дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің нөмірі __________________

_

(6, 7-тармақтар шетелдің білім беру мекемелері берген дипломдар үшін толтырылады)

Адвокаттан тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар үшін

II. Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытынды

1. адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытындының бекітілген күні

_________________________________________________________________________

2. Облыс _________________________________________________________________

3. Тағылымдаманың жетекшісі ______________________________________________

4. Тағылымдаманың басталған күні __________________________________________

5. Тағылымдаманың аяқталған күні __________________________________________

III. Комиссияның аттестаттау туралы шешімі

1. Қала ___________________________________________________________________

2. Өткізілген күні ___________________________________________________________

3. Қарау мәртебесі __________________________________________________________

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтихандарын тапсырған адамдар үшін

II. Судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыру

1. Өткізілген күні ___________________________________________________________

_

2. Қарау мәртебесі

III. Сотта облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірімен тағылымдамадан өту

1. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының болған күні

2. Облысы

3. Тағылымдаманың басталған күні

4. Тағылымдаманың аяқталған күні

IV. Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытынды

1. адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытындының бекітілген күні

_________________________________________________________________________

2. Облыс _________________________________________________________________

3. Тағылымдаманың жетекшісі ______________________________________________

4. Тағылымдаманың басталған күні ________________________________________

5. Тағылымдаманың аяқталған күні ________________________________________

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық Заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2 ), 3), 9) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар үшін

II. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы туралы мәліметтер

1. Судья лауазымына тағайындау туралы Жарлықтың нөмірі ____________________
_

2. Судья лауазымына тағайындау туралы Жарлықтың қабылданған күні __________
_

3. Судья лауазымынан босату туралы Жарлықтың нөмірі _______________________
_

4. Судья лауазымынан босату туралы Жарлықтың қабылданған күні _____________
_

5. Босату негізі __________________________________________________________
_

Теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар үшін

II. Адвокаттан тағылымдамадан өтуі туралы қорытынды

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындының бекітілген күні
_______________________________________________________________________

2. Облыс _________________________________________________________________

3. Тағылымдаманың жетекшісі ______________________________________________

4. Тағылымдаманың басталған күні ________________________________________

5. Тағылымдаманың аяқталған күні ________________________________________

III. Прокуратура немесе тергеу органдарындағы жұмыс өтілін растайтын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес атқаратын қызметінен босатылу себептері қамтылған құжаттың электрондық көшірмесі - теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар үшін талап етіледі.

"Адвокаттық қызметпен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік қызмет көрсетуге<br>қойылатын негізгі талаптардың<br>тізбесіне 3-қосымша<br>Нысан

**Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

____________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

____________________________________________________________________

Тегімнің, атымның, әкемнің атының (ол болған жағдайда) өзгеруіне байланысты жеке

сот орындаушысы қызметін жүзеге асыруға 20___ жылғы "____" № __________,

____________________________________________________________________

(лицензияның нөмірі(лері), лицензияны берген лицензиардың атауы)

берілген лицензияны қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға ________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _______

"Адвокаттық қызметпен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызметтің қағидаларына<br>2-қосымша<br>нысаны

____________________

**Лицензия**

20____ жылғы "___" ___________ №_____________

____________________________________________________________________

(''Рұқсаттар және хабарламалар туралы'' Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

______________________________________________________________
айналысуға

______________________________________________________________
_ берілді

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, мекен-жайы)

Ерекше шарттары ______________________________________________
__

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы

Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: _____________________________________________________
__

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар ____________________________________________________
__

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _______________________________________
__

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Берілген орны ___________________________

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Бұл құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз құжатқа балама болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің м.а.
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 61 бұйрығына
3-қосымша

1. "Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015

жылғы 24 сәуірдегі № 231 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 мамырда № 11096 тіркелді);

2. "Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 231 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1461 бұйрығы ( Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 24 қазанда № 17595 болып тіркелді);

3. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 540 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 қарашада № 19588 болып тіркелді).

4. "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы және "Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1466 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 11 қазанда № 17529 болып тіркелді);

5. "Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 26 мамырдағы № 298 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 шілдеде № 11648 тіркелді.);

6. "Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 мамырдағы № 298 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 1554 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 қарашада № 17802 болып тіркелді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК